

БӨЛІМ: БАЛАБАҚША

Мен таныған жазушы

ЖАРИЯЛАНДЫ
20.10.2023СІЛТЕМЕ
<https://bilimger.kz/145230/>

Гульнар Абдикаримова

Қазақ халқы тарихы ерте заманнан бастау алғаннан кейін, қазақ әдебиеті-қазіргі адамзат баласы үшін баға жетпес байлық. Қазақстанымыздың өркендеп өсуіне өз үлесін қосқан ақын, драмашы, лирик Ілияс атамиздың өмірбаянын, шығармашылық жолын өз шығармада бөліскім келіп отыр.

Сонау ежелгі қазақ тарихынан бастайтындай Ілияс атамиздың қазақ әдебиетіндегі орны қандай? деген сұрақ бәрінің көкейінде шығар, сірә? Ілияс бабамиздың шығармашылығы біз үшін бәрінен де бағалы Қазақ әдебиетінде поэзия, проза, драма саласында атқарған қызметі ұшан-теңіз. Шығармаларындағы тақырып өрістері жанды тебіренеді. Себебі, әр шығармасы шынайы оқиғаға негізделді. Және әр шығармасының астарында үлкен шындық жатты. Қаламгер өзін бір салада ғана көрсетпегені өскелең ұрпақ үшін қуантарлық жайт. Өзін әртүрлі салада сынап, халық қамы, ел тағдыры деп, өзінің қайсарлығы мен жанашырлығын да көрсете білді. Ақын қандай қызмет атқарса да, қандай дәрежеде болса да, өзінің адами болмысын жоғалтпағаны қазақ халқы үшін үлкен мақтаныш.

Ақынның өмірбаяны мен шығармалары әлі күнге дейін зерттеліп жатқаны мені қуантады.

Өз ойымды қорытындылай келе, Ілияс атамиз қазақ халқы үшін ұлы тұлға. Ұлы тұлғамизды ешқашан ұмытпай, шығармаларын жатқа білуіміз керек. Қазіргі таңда Ілияс атамиздың өмірбаянымен танысамын деген әр қазақ үшін керемет мүмкіндіктер жасалғанын айтпай кету мүмкін емес. Талдықорған қаласында Ілияс атамиздың әдеби музейі бар. Ол музей Ілияс атамиздың өмір жолын танып білу үшін үлкен мүмкіндік. Ең қуантарлығы Талдықорған қаласында Ілияс Жансүгіров атындағы университеттің бар болғаны. Ол университетте әр білім алушы Ілияс атамиз туралы жетік біледі. Себебі, университетте Ілиястану пәні енгізілген. Бұл қазақ халқы үшін баға жетпес байлық.

© 2026 Bilimger.kz Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.